



# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

*2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай үшін*



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріндегі үрдістер және маңызды өзгерістерді түсіну мен бағалаудағы көмек болып табылады. Осы шолу Топтың аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделеді және оны аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе експертпелерімен бірге қарастырған жөн болады. Барлық қаржылық деректер және оларды талқылау Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді.

Осы есепте «ҚМГ», «Компания», «Топ» терминдері "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы» АҚ, оның еншілес және мөлшерлес шоғырландырылған қоғамдары дегенді білдіреді. «Бірлескен кәсіпорындар» термині үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетілетін қоғамдарды білдіреді. Топтың есепке алу саясатына сәйкес бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға құйылатын инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады және, солай болғандықтан, жолма жол шоғырландырылмайды («үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын кәсіпорындар»).

Көрсетілген мұнай және газ қоры, егер басқасы көрсетілмеген болса, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың қорының мөлшерлес үлесін және еншілес ұйымдарының 100% қор үлесін қамтиды.

Өндірілген мұнай тонналары Топтың әрбір кен орнындағы мұнайдың тығыздығын есепке алатын коэффициенттерді пайдаланумен баррельмен есептеледі.

Есепте болжамды сипаттағы белгілі бір мәлімдемелер болуы мүмкін. «Болжайды», «күтеді», «күтіледі», «көздейді», «ниеттенеді», «бағалайды», «болуға тиіс», «болады», «жалғаса береді», «болуы мүмкін», «ықтимал», «жоспарлайды» немесе осыған ұқсас сөздер, олардың туынды сөздері тарихи факт және алдағы нәтижелердің кепілі болып табылмайды.

## МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ АҚПАРАТ .....	Ошибка! Закладка не определена.
2.	НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР .....	4
2.1.	Мұнай және мұнай өнімдеріне нарықтық бағалардың өзгеруі .....	5
2.2.	Шетелдік валютаның айырбастау бағамының өзгеруі .....	5
2.3.	Мұнай және газды тасымалдауға тарифтер .....	Ошибка! Закладка не определена.
2.4.	Салық салу .....	6
3.	ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ .....	9
3.1.	Мұнай және конденсат қоры .....	Ошибка! Закладка не определена.
3.2.	Мұнай және конденсатты өндіру .....	Ошибка! Закладка не определена.
3.3.	Газды өндіру .....	Ошибка! Закладка не определена.
3.4.	Мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдау .....	11
3.5.	Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау .....	Ошибка! Закладка не определена.
3.6.	Газды тасымалдау .....	Ошибка! Закладка не определена.
3.7.	Мұнайды өңдеу .....	Ошибка! Закладка не определена.
3.8.	Мұнайды және газды өткізу .....	13
4.	ТОПТЫҢ ҚАЖЫЛЫҚ КӨРСЕТІШКТЕРІ .....	14
4.1.	Табыс .....	14
4.2.	Шығыс .....	Ошибка! Закладка не определена.
5.	ӨТІМДІЛІГІ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР .....	18
5.1.	Өтімділік .....	Ошибка! Закладка не определена.
5.2.	Күрделі шығындар .....	19
<b>ГЛОССАРИЙ</b> .....		<b>ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.</b>

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

## Есепті кезеңдегі маңызды оқиғалар

2016 жылы Топтың қызметінің нәтижелеріне ықпалын тигізген маңызды оқиғалардың сипаттамасы:

2016 жылғы 27 қаңтарда «Газпром Қырғызстан» ЖШҚ 2004-2014 жылдар аралығында газды жеткізу және заңсыз шығарғаны үшін пайда болған Ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ алдындағы жалпы сомасы 41,6 млн. АҚШ долларын құрайтын берешегін жапты. «Газпром Қырғызстан» ЖШҚ шарттың талаптарын толығымен орындады.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ мұнай өнімдерін әрі қарай өткізумен мұнайды өз бетінше процессингтеу схемасына көшті.

2016 жылғы сәуір айында ҚМГ трейдер Vitol-мен 3 млрд. АҚШ долларына дейінгі сомаға 4 жыл мерзімге мұнай көлемдерін аванстау бойынша мәміле жасасты.

2016 жылғы шілдеде «Теңізшевройл» ЖШС қызметін әрі қарай кеңейту кезеңіне 36,8 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі бюджетті бекітті (СҚБЖ/ПБР).

2016 жылғы 12 тамызда "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Директорлар кеңесі компанияның жаңа ұйымдастыру құрылымын бекітті. Бұл Ұлттық компанияны трансформациялаудың жаңа операциялық үлгіге ауысу бойынша бағдарламасының логикалық кезеңі, ол бойынша Топ портфельдік инвестор тұжырымынан бас тартып, өндірістік активтерді белсенді операциялық басқаруға ауысатын болады. Операциялық үлгі "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ корпоративтік орталығының күшейгендігін және еншілес пен тәуелді ұйымдарды тікелей басқару дегенді білдіреді.

2016 жылғы тамызда ҚР Энергетика министрлігі дизельді отынды мемлекеттік реттеуден бас тарту туралы шешім қабылдады (2015 жылы АИ-92 және АИ-93 маркалы бензиндердің бағасы мемлекеттік реттеуден шығарылды).

2016 жылғы 31 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Өзен мен Қарамандыбас кен орындарын игеруге арналған шартты тұтас 2016 жылға ПҚӨС жеңілдік ставкасын алу үшін рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтінімін мақұлдады.

2016 жылғы қараша айында Қашағн кен орнында мұнайды өндіру жаңғыртылды.

2016 жылғы қараша айында Атырау МӨЗ-де хош иісті көмірсутектерді өндіру кешені пайдалануға берілді.

2016 жылғы қараша айында ҚМГ Қашаған Б.В. ҚМГ трейдер Vitol-мен 1 млрд. АҚШ долларына дейінгі сомаға 5 жыл мерзімге мұнай көлемдерін аванстау бойынша келісімге қол қойды.

2016 жылғы желтоқсанда ҚМГ China Energy Company Limited компаниясымен KMG International N.V. акцияларының 51% сату жөніндегі мәміле жасасу ниеті туралы келісімге қол қойды (мәміле 2017 жылы жабылады деп күтілуде). Жоғарыда айтылғанның негізінде Топ KMG International N.V. тоқтатылған қызмет сыныбының критерийлеріне сәйкес келеді деп санайды.

Топтың қызметіне 2016 жылы, сондай-ақ, келесі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі ықпалын тигізді.

## 2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарда Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсер еткен, келешекте қызметтің көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін басты факторлар мыналар болып табылады:

- шикі мұнайға және мұнай өңдеу өнімдеріне бағалардың құбылуы және Компанияның мұнайды алдын ала сатуы;
- 2015 жылғы тамызда еркін өзгермелі айырбастау бағамын және инфляцияны ортамерзімді таргеттеу саясатын қабылдау нәтижесінде валюта бағамы өзгерістерінің ықпалы;
- салық салу;
- мұнай және газды тасымалдау қызметіне тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу.

## 2.1. Мұнай және мұнай өнімдеріне нарықтық бағалардың өзгеруі

Халықаралық және қазақстандық нарықтағы шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің бағалары Компания қызметінің нәтижесіне айтарлықтай әсер етеді.

Мұнай өнімдеріне орташа әлемдік бағалар (АҚШ долл./барр.)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	%
Brent мұнайы	43,7	52,5	16,76 %
Urals мұнайы	42,1	51,5	18,30 %

Дереккөз

Жалпы алғанда, шикізат бағасының өзгеруі Компанияға байланысты емес бірқатар себептерден болып отыр және Компания басшылығы мұнай бағаларының құбылмалылық дәрежесін болжай алмайды.

Мұнай өнімдерінің орташа әлемдік бағалары (АҚШ долл./тонна)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Өзг
Мазут	205	260	-21,0%
Нафта	384	463	-17,2%
Авиаотын	417	526	-20,7%
Вакуумды газойль	399	494	-19,2%
Пеш отыны	118	145	-18,3%

Дереккөз: «Мұнай және газ ақпараттық-аналитикалық орталығы» АҚ

ҚР ресурс ұстаушыларының орташа босату бағасы (АҚШ долл./тонна)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Өзг
Мазут	90,30	113,74	-20,6%
Авиаотын	415,24	485,55	-14,5%

Дереккөз: «Мұнай және газ ақпараттық-аналитикалық орталығы» АҚ

ҚР-дағы мұнай өнімдеріне орташа бөлшек баға (теңге/литр)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Өзг
АИ-95/96 маркалы бензин	139,89	140,90	-0,7%
АИ-92/93 маркалы бензин	125,09	110,44	13,3%
АИ-80 маркалы бензин	88,9	87,54	1,6%
Жазғы дизельді отын	108,18	98,04	10,3%

Дереккөз: «Мұнай және газ ақпараттық-аналитикалық орталығы» АҚ

Халықаралық және қазақстандық нарықтағы мұнай өнімдеріне бағалардың динамикасы бірқатар факторлармен айқындалады, олардың ішіндегі ең маңыздысы шикі мұнайдың бағасы, мұнай өнімдеріне деген сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, бәсекелестік, өткізу нарықтарының мұнайды түпкілікті немесе аралық өңдеу өнімдеріне өңдейтін кәсіпорындардан алыстығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылық, атап айтқанда қалалық аудандарда маусымдық ауылшаруашылық жұмыстармен байланысты және осыған байланысты қаладан ауылшаруашылық аудандарына жеткізудің қайта үлестірілуі болып табылады. Бұған қосымша шикі мұнайдың жоғары бағасы мен мұнай өңдеу өнімдерінің төмен бағасы Компанияның мұнайды өңдеумен байланысты сегменті қызметінің қаржылық нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

## 2.2. Шетелдік валютаның айырбастау бағамының өзгеруі

Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы Қазақстанда Компания қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізеді, себебі Компанияның шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан түскен табысының маңызды үлесі АҚШ долларымен көрсетілсе, Компанияның шығыстарының маңызды үлесі теңгемен көрсетіледі және Компанияның қарыздары мен кредиторлық берешектерінің басым бөлігі АҚШ долларымен ірілендірілген. Демек, теңгенің АҚШ долларына қатысты өзгеруі Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне айтарлықтай ықпалын тигізе білді және ықпалын тигізе беретіндігі белгілі.

	Кезеңдегі орташа бағамы	Кезеңнің соңында
Бір жылда, 2016 жылғы 31 желтоқсанда (1,00 доллар үшін қазақстандық теңге)	342,16	333,29
Бір жылда, 2015 жылғы 31 желтоқсанда (1,00 доллар үшін қазақстандық теңге)	221,73	221,73

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Негізінен 2015 жылы теңгенің құнсыздануы нәтижесінде Компания 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 469,5 млрд. теңге мөлшеріндегі бағамдық пайданы мойындады. 2016 жылы теңге бағамы Компанияның пікірінше 2016 жылы шикі мұнайдың орташа бағасының өсуі нәтижесінде тұрақтанғаннан кейін Компания 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 12,9 млрд. теңге мөлшеріндегі бағамдық залалды мойындады.

### 2.3. Мұнай және газды тасымалдау тарифтері

#### **Мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдау**

Қазақстандағы мұнай өніретін өңірлердің көпшілігі негізгі мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу нарықтарынан қашықта болғандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының даму деңгейіне, сондай-ақ оған қол жеткізу мүмкіндігіне тәуелді болады.

Топ экспортқа және ішкі нарыққа сататын шикі мұнайдың айтарлықтай бөлігін «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компаниясына тиесілі Қазақстандағы магистралдық құбырлар жүйесі арқылы тасымалдайды. Сонымен қатар, Топ Каспий Құбыр Консорциумының мұнай құбырындағы 20,75% мөлшеріндегі акционерлік апиталға иелік етеді, оның ішінде ҚР Үкіметі - 19% және Қазақстан Пайплайн Венчурс ЖШК - 1,75%.

Шикі мұнайды тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ мен ҚМГ ЕТҰ арасында жасалған келісімшарттарға сәйкес жүргізіледі, оларда тараптардың арасындағы негізгі міндеттемелер, оның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ компаниясының Топтың мұнайын араластыру немесе басқа өндірушілердің мұнайымен ауыстыру құқығы тұжырымдалған. Топқа тиесілі шикі мұнай экспорттық марканы алу үшін «ҚазТрансОйл» АҚ компаниясының құбырында басқа өндірушілердің әр түрлі сападағы шикі мұнайымен араластырылады.

Мұнайды тасымалдау табысы негізінен ҚТО-дан шикі мұнайды ол пайдаланатын мұнай құбыры жүйесі арқылы тасымалдауға арналған ұзақмерзімді келісімшарттар бойынша келіп түседі. Тариф, негізінен, жекелеген пайда құрамын қоса отырып, құбырды қаржыландыруға, пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстарды жабады.

2015 жылғы мамыр айында «Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулердің қабылдануына байланысты табиғи монополиялар салаларынан мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өту және Қазақстан Республикасынан тыс экспорттау қызметтері шығарылды.

2015 жылғы маусымда «ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды магистралдық құбыр арқылы айдау бойынша қызметтерге келесі тарифтерді бекітті (№64 бұйрық):

- Қазақстан Республикасының аумағынан тыс экспорттау мақсатында 2015 жылғы 1 шілдеде қолданысқа енгізе отырып, 1000 км-ге (ҚҚС-сыз) 1 тоннаға 5 817,2 теңге мөлшерінде;
- Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Туймазы-Омск-Новосибирск-2 магистралдық құбырының қазақстандық учаскесімен – 2015 жылғы 26 маусымнан бастап қолданысқа енгізе отырып, 1 тонна үшін 1000 км-ге 1 727,1 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде.

Елдің ішінде тасымалдау тарифтерін Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі - ТМРБҚК) бекітуге тиісті. ТМРБҚК төрағасының 2015 жылғы 21 тамыздағы №347-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына «ҚазТрансОйл» АҚ магистралдық құбырлар жүйесі арқылы мұнай айдау жөніндегі реттелетін қызметке 2015-2019 жылдарға тарифтердің шекті деңгейлері мен тарифтік сметасы бекітілді. Қазақстан Республикасының ішкі нарығына «ҚазТрансОйл» АҚ магистралдық құбырлар жүйесі арқылы мұнай айдау жөніндегі реттелетін қызметке шекті деңгейлер төмендегі мөлшерде бекітілді:

- 2015 жылы – 1000 км-ге тоннаға 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2016 жылы – 1000 км-ге тоннаға 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз);

- 2017 жылы – 1000 км-ге тоннаға 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2018 жылы – 1000 км-ге тоннаға 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2019 жылы – 1000 км-ге тоннаға 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз).

### **Газды тасымалдау**

Магистралдық мұнай құбырлары арқылы газды тасымалдауды «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жүзеге асырады.

Газды магистралдық тасымалдауды, негізінен, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азия газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындары жүзеге асырады.

2014 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Самұрық-Қазына және ИОА арасында сенімгерлік басқару туралы шартқа қол қойылды, ол бойынша ИОА құбырлар жүйесінің сенімгерлік басқарушысы болып тағайындалған болатын. Сенімгерлік басқару туралы шарт ИОА төлететін тарифтерді реттемейді, олар Қазақстанның заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленуге тиіс.

Табиғи монополиялар туралы Заңға 2015 жылғы мамырда енгізілген өзгерістерге сәйкес газды экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтер мемлекеттік реттеуден шығарылды. Газ транзиті мен экспортының тарифтері шарттық негізде белгіленеді.

### **Газдың халықаралық транзиті және экспорты бойынша газ тасымалдау тарифтері**

Экспорттық тарифтерді мемлекеттік реттеу жойылған сәттен бастап ИОА халықаралық тасымалдау тарифтерін өзінің халықаралық тасымалдау жөніндегі серіктестерімен Табиғи монополиялар комитеті тарапынан келісім алмай, талқылайды, анықтайды және келіседі. Газды халықаралық тасымалдау тарифтерінің көпшілігі шарттарда белгіленеді және қолданыстағы шартта көзделген тәртіпте өзгертілуі мүмкін. Шарттық тарифтер шығыстардың көлеміне және оған қоса активтердің орташа рентабельділігіне тәуелді болады.

### **Газды ел ішінде магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау тарифтері**

ТМРБҚК газды елдің ішінде тасымалдау тарифтерін реттейді. Бекіткеннен кейін газды елдің ішінде тасымалдау тарифтері олар бекітілген кезеңнің ішінде (әдетте бір жыл бойы) қолданыла береді. Осындай кезең аяқталғаннан кейін ИОА-ның ТМРБҚК-ге осындай тарифтерді қайта қарау және өзгерту өтінішімен жүгіне алады. ИОА-ның газды елдің ішінде тасымалдау тарифтеріне әлеуметтік және саяси аспектілер айтарлықтай әсерін тигізеді және тарихи тұрғыдан олар жасанды жасалған төмен деңгейде болды. 2015-2016 жылдар аралығында ТМРБҚК газды елдің ішінде тасымалдау тарифтерін өзгертпеген болса да, ТМРБҚК тұрақты түрде ИОА өтініші бойынша газды елдің ішінде тасымалдау тарифтерін қайта қарап отырады. 2016, 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған әрбір жыл үшін ИОА-ның газды елдің ішінде тасымалдау тарифтері жылу энергиясын өндірумен айналысатын коммуналдық шаруашылықтар үшін 100 км табиғи газдың 1000 м3 үшін 1 380 теңгені құрды.

#### **2.4. Салық салу**

Төменде келтірілген кестеде Топ тиісті кезеңдерде қолданатын белгіленген салық ставкасы көрсетіледі:

Салық	31.12.2016 күніне	31.12.2015 күніне	Өзг., %	Салық салынатын база
Корпоративтік табыс салығы (КТС)	20%	20%	-	салық салынатын табыс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	-	тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу

Салық	31.12.2016 күніне	31.12.2015 күніне	Өзг., %	Салық салынатын база
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	-	салық салу объектілерінің бухгалтерлік есеп деректері бойынша анықталатын орташа жылдық баланстық құны
Жер салығы	жер учаскесінің мақсаты мен сапасына қарай ауыспалы мән, ставка	жер учаскесінің мақсаты мен сапасына қарай ауыспалы мән, ставка		жер учаскесінің ауданы
Қоршаған ортаны ластағаны үшін ақы төлеу	эмиссиялар түріне қарай ауыспалы мән, ставка	эмиссиялар түріне қарай ауыспалы мән, ставка		Қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтерінің шегіндегі және (немесе) одан жоғары іс жүзіндегі көлемі
Экспортқа ренталық салық, орташа мән	0%-32% Мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді шкала бойынша	0%-32%		Шикі мұнай мен штикі мұнай өнімдері экспортының көлемі
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС), орташа мән	0%-18%	0%-18%		Өндірілген шикі мұнайдың, газ конденсаты және табиғи газ көлемінің құны
Үстеме пайда салығы (ҮПС)	0%-60%	0%-60%		таза табыс
Шикі мұнай мен газ конденсатына акциз	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна		Өндірілген, өткізілген шикі мұнай мен газ конденсатының көлемі

**1 тоннаға акциздердің ставкалары (теңгемен) және баж салықтары**

	31.12.2016 күніне		31.12.2015 күніне		Өзг., %	Салық салынатын база
Мұнай өнімдеріне акциз	Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизельді отын (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0 - 2710 19480 0)	Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизельді отын (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0 - 2710 19480 0)		Өндірілген, өткізілген мұнай өнімдерінің көлемі
Бензин өндірушілердің өзі өндірген бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизельді көтерме бағамен өткізуі	10 500	Сәуір-қазан 9300, наурыз-қараша 540	10 500	540		
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизельді көтерме бағамен өткізуі	-	-	-	-		
Өндірушілердің бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизельді бөлшек сауда бағасымен өткізуі, өзінің өндірістік қажеттіліктері үшін пайдалануы	11 000	Сәуір-қазан-9360, наурыз-қараша - 600	11 000	600		
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизельді бөлшек сауда бағасымен өткізуі, өзінің өндірістік қажеттіліктері үшін пайдалануы	500	60	500	60		
Импорт	4 500	540	4 500	540		
Салық кодексінің 279-бабы 5) тармақшасында көрсетілген акцизге тәуелді, өңделме шикізатты өңдеу өнімі болып табылатын тауарларды беру	10 500	Сәуір-қазан-9300, наурыз-қараша -	10 500	540		



1 тоннаға акциздердің ставкалары (теңгемен) және баж салықтары						
	31.12.2016 күніне		31.12.2015 күніне		Өзг., %	Салық салынатын база
		540				
Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне экспорттық баж салығы	Әлемдік мұнай бағасына байланысты бекітілген ставкалар шәкілі бойынша ауыспалы мән		Әлемдік мұнай бағасына байланысты бекітілген ставкалар шәкілі бойынша ауыспалы мән			экспорттық көлем

Пайдалы қазбаларды өндіру салықтарының, мұнай мен мұнай өнімдеріне экспортқа ренталық салық пен экспорттық баж салығының ставкалары әлемдік мұнай бағасына тәуелді және сәйкесінше өзгеріп отырады. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында шикі мұнайды және газ конденсатын өткізген және (немесе) берген жағдайда, оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа ренталық салықты, роялти және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін мемлекеттің атынан алушыға төлеу есебінен заттай нысанда берген немесе өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланған белгіленген ставкаларға 0,5 төмендету коэффициенті қолданылады.

Табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы 10 процентті құрайды. Табиғи газды ішкі нарықта өткізу кезінде пайдалы қазбаларды өндіру салығы жылдық өндіру көлеміне қарай ставкалар бойынша төленеді.

2016 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика министрлігі шикі мұнайға экспорттық кедендік баж салықтарына прогрессивтік шәкілді енгізді. Жаңа тәртіп бойынша экспорттық кедендік баж салықтары шикі мұнайдың әлемдік мұнай шикізаты нарықтарында қалыптасқан Brent және Urals маркалы мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Сонымен қатар, 2016 жылғы 1 наурыздан бастап мазутқа ЭКБ тоннасына 30 АҚШ долларына дейін төмендетілді. Мұнай шәкілі бойынша – әлемдік бағалар баррель үшін 25 доллардан төмен болған кезде ЭКБ ставкасы 0-ге тең болады, әлемдік бағалар баррель үшін 25 доллардан жоғары болған кезде ЭКБ ставкасы шәкілге сәйкес анықталады.

Экспортқа ренталық салық әлемдік мұнай бағасы баррель үшін 40 АҚШ долларынан асатын жағдайда ставкалардың шәкілі бойынша есептеледі.

### 3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
<b>Операциялық нәтижелер</b>				
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып, мұнай және конденсатты өндіру (млн. тонна)	22 639	22 670	(31)	0%
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып, газды өндіру (млн. куб. м)	7 384	7 255	129	2%
Меншікті МӨЗ және бірлескен кәсіпорындардың МӨЗ-де мұнайды және нафтаны өңдеу (млн. т.)	16 621	16 317	304	2%
Мұнайды магистралдық құбырлармен тасымалдау (мың тонна)	56 576	61 001	(4 425)	-7%
Мұнай жүк айналымы (млн.тонна*км)	43 128	45 447	(2 319)	-5%
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау (мың тонна)	7 082	7 033	49	1%
Газды магистралдық құбырлармен тасымалдау (млн.м3)	88 077	102 750	(14 673)	-14%
Газды тасымалдау жөніндегі тауар тасымалдау жұмыстарының көлемі (млрд.м3*км)	40 436	40 339	97	0%

#### 3.1. Мұнай мен конденсат қоры

А, В және С1 көмірсутегі қорының қозғалыс динамикасы туралы ақпарат.

	31.12.2015 күніне	Барлығы өсімі (+)	Өндіру (-)	31.12.2016 күніне
Мұнай (млн. тонн)	755,1	6,8	22,2	739,7
Газды конденсат (млн. тонн)	45,2	0,4	0,4	46,1
Мұнай мен газды конденсат барлығы (млн. тонн)	801,2	7,2	22,6	785,8
Табиғи газ (млрд. куб.м)	486,2	1,4	7,5	480,1

Қалдықты шығарылатын қор көлемінің өзгеруі перспективалы блоктарды барлау, қолданыстағы кен орындарының қорларын жете барлау және қайта бағалау, сондай-ақ көмірсутекті шикізатты өндіру нәтижесінде қордың азаюы есебінен орын алды. Қордың өсуі, негізінен, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «Каспий Меруерт Оперейтинг Компани» ЖШС, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС қорларын барлау, жете барлау және қайта бағалау есебінен жүзеге асырылған.

### 3.2. Мұнайды және конденсатты өндіру

Топ бойынша мұнайды және конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 2016 жылы 22 639 тоннаны құрады. 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы Топта мұнайды және конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 31 мың тоннаға төмендеді.

Мұнайды және конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	22 639	22 670	-31	0
«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ (оның ішінде КазГПЗ)	12 164	12 361	-197	-2
"Өзенмұнайгаз" АҚ	5 555	5 510	45	1
«Ембімұнайгаз» АҚ	2 832	2 824	8	0
«Қазгермұнай» (50%)	1 468	1 500	-32	-2
PetroKazakhstan (33%)	1 236	1 448	-212	-15
«Қаражанбасмұнай» (50%)	1 064	1 069	-6	-1
«Теңізшевройл» (20%)	5 511	5 432	80	1
«Маңғыстаумұнайгаз» (50%)	3 145	3 137	8	0
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.»(10%) *	1 047	1 080	-33	-3
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	381	401	-20	-5
Казатүркмұнай (100%)	292	242	50	21
KMG Kashagan B.V. (50%)	79	0	79	
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ)	21	19	2	12

ҚМГ БӨ-де (Қазгермұнайгаз, ССЕЛ және ПКИ-дегі ҚМГ БӨ мөлшерлес үлестерін қоса) 2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін шикі мұнайды шоғырландырылған өндіру тиісінше 53,7% және 54,5% болып келеді. Негізінен «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ бойынша өндірудің төмендеуі кен орындағы қордың табиғи түрде азаюымен байланысты. Бұл азаю ШГА/ЕБЗ/КТЖ зауыттарының тұрақты және сенімді жұмысының нәтижесінде «Теңізшевройл» ЖШС өндіру көлемінің артуымен; мұнай өндіруді тұрақтандыру және арттыру бойынша жұмыстар жоспарына сәйкес 2016 жылы ұңғымаларды электрлі ортаға тебу сорғылары қондырғыларына ауыстыру жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне байланысты «Қазақтүркмұнай» ЖШС өндіру көлемінің ұлғаюымен ішінара жойылды. 2016 жылғы 1 қарашада Қашаған кен орнында коммерциялық өндіру қайта жаңғыртылды. Келешекте Қашаған кен орнында өндіру Компанияның шикі мұнайды шоғырландырылған өндіруіне оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

### 3.3. Газды өндіру

2016 жылы Топ бойынша табиғи және ілеспе газды шоғырландырылған өндіру 7 384 млн. м3 құрады. 2015 жылмен салыстырғанда табиғи және ілеспе газды шоғырландырылған өндіру 2016 жылы 129 млн. м3 немесе 2% ұлғайды.

Компанияның қатысу үлестері көбірек ірі газ өндіруші еншілес кәсіпорындары ҚМГ БӨ (Қазгермұнайгаз, CCEL және ПКИ-дегі ҚМГ БӨ мөлшерлес үлестерін қоса), ТШО және КРО болып табылады. ҚМГ БӨ 2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдары Компания өндірген бүкіл газдың тиісінше 18,3% (немесе 1,3 млрд.м3), 18,1% (немесе 1,3 млрд. м3) өндірді. ТШО 2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдары Компания өндірген бүкіл газдың 40,9% (немесе 3,02 млрд.м3) және 41,1% (немесе 2,98 млрд.м3) өндірді. Компанияға 10% үлесі тиесілі (өзінің «KMG Karachaganak» ЖШС 100% еншілес компаниясы арқылы) КРО-да 2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдары Компания өндірген бүкіл газдың тиісінше 23,9% (немесе 1,76 млрд.м3), 25,1 (немесе 1,82 млрд. м3) өндірілді.

Газды өндірудің шоғырландырылған көлемі, млн.м3	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	<b>7 384</b>	<b>7 255</b>	129	2%
«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ (оның ішінде ҚазГПЗ)	806	825	(19)	-2%
«Қазгермұнай БК» ЖШС (50%)	299	242	57	24%
«Теңізшевройл» ЖШС (20%)	3016	2978	38	1%
«Қазақойл-Актобе» ЖШС (50%)	307	302	5	2%
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (50%)	378	366	12	3%
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	1766	1823	(57)	-3%
Басқалар*	812	719	93	13%

\* «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33%), «Амангелді Газ» ЖШС (100%), «Қазақтүркмұнай» ЖШС (100%), «Норт Каспиан Оперейтинг Компани н.в.» (8,44%)

2016 жылы жоспарлы алдын алу жұмыстарының жүргізіліп жатуына байланысты ҚМГ Қарашығанақ бойынша және газды өндірудің табиғи кемуі себебінен «КазМұнайГаз» БӨ кен орындары бойынша төмендеу, негізінен, Кен орындары соңғы сатыда игеріліп жатқандықтан болып отыр, оларды пайдалану мерзімі 40 жылдан асты. Бұл төмендеу ТШО мен ҚМГ-де газды өндірудің артуымен жойылды.

### 3.4. Мұнайды магистралдық құбырлармен тасымалдау

Қазақстандық мұнайдың құбырлар арқылы негізгі қолданыстағы экспорттық маршруттары:

- Атырау-Самара құбыры ( «ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);
- Каспий құбыр консорциумы құбыры ("ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ – 20,75%) болып табылады.

Бұл ретте мұнайды магистралдық мұнай құбырлары арқылы тасымалдауды «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес кәсіпорны жүзеге асырады (жалпы ұзақтығы 5,4 мың км). ҚТО мұнайды ішкі нарыққа экспортқа тасымалдау, сондай-ақ мұнайды сақтау және ауыстырып тиеу қызметтерін көрсетеді.

ҚТО компаниялары бөлінісінде мұнайды тасымалдау көлемі (мың тонна) *	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	<b>56 576</b>	<b>61 001</b>	<b>-4 425</b>	<b>-7</b>
"ҚазТрансОйл" АҚ	43 798	47 541	-3 743	-8
"МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ (51%)	2 356	1 909	447	23
"Қазақстан-Қытай құбыр желісі" ЖШС (50%)	7 044	7 935	-890	-11
Batumi Industrial Holdings Limited	3 377	3 616	-238	-7
<b>Мұнай жүк айналымының көлемі (млн.тн*км)</b>	<b>43 128</b>	<b>45 447</b>	<b>-2 319</b>	<b>-5</b>
"ҚазТрансОйл" АҚ	35 633	36 867	-1 234	-3
"МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ (51%)	940	748	192	26
"Қазақстан-Қытай құбыр желісі" ЖШС (50%)	6 555	7 832	-1 277	-16

\*топшілік операцияларды шегерусіз

Магистралдыққұбырмен мұнайды тасымалдау көлемі 4 425 мың тоннаға төмендеді, бұл, негізінен, мұнай өндіруші компаниялардың магистралдық құбырлар жүйесіне мұнай тапсыруының азаюымен, сондай-ақ мұнайды ірі кен орындарынан КТК мұнай құбыры жүйесіне бағыттаумен байланысты.

### 3.5. Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау

Мұнайды теңізбен тасымалдаудың негізгі қолданыстағы маршруттары:

- Каспий теңізінің акваториясындағы маршруттар.
- Қара және Жерорта теңіздерінің акваториясындағы маршруттар.

Бағыттар бөлінісіндегі теңіз флотымен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	7 082	7 033	49	1
Ақтау-Баку	33	915	-883	-96
Ақтау-Махачкала	1 611	1 115	495	44
Қара теңіз	2 968	2 175	793	36
Жерорта теңізі	1 238	2 133	-895	-42
Туркменбаши-Баку	1 072	694	379	55
Махачкала-Баку	159	0	159	

\*топшылық операцияларды шегерусіз

Тасымалдау көлемдерінің артуы, негізінен, жүк жөнелтушінің Махачкала (Ю. Корчагин) - Баку бағытындағы қосымша ресурстарына байланысты.

### 3.6. Газды тасымалдау

Газды тасымалдау халықаралық газ транзиті, газды экспортқа тасымалдау және газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

#### Газ тасымалдау көлемдері:

Бағыттар бойынша газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	88 077	102 750	-14 674	-14
Халықаралық транзит	58 323	75 023	-16 701	-22
Газды экспортқа тасымалдау	13 251	12 770	481	4
Газды ішкі тұтынушылар үшін тасымалдау	16 503	14 957	1 546	10
Компаниялар бойынша газды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	88 077	102 750	-14 673	-14
"Интергаз Орталық Азия" АҚ	66 788	83 964	-17 176	-20
"ҚазТрансГаз-Аймақ" АҚ	2 600	2 495	105	4
"Азия газ құбыры" ЖШС (50%)	17 606	15 658	1 948	12
"Бейнеу - Шымкент газ құбыры" ЖШС (50%)	1 083	633	450	71

\*топшылық операцияларды шегерусіз

Газ тасымалдау көлемінің азаюы негізінен контрагент «Газпром» ААҚ тарапынан газ ағынының өзгертілуіне және түркмендік және өзбекстандық газ транзитінің қысқаруымен баланысты. Ішкі нарыққа газ тасымалдаудың өсуі Батыс өңірде газды тұтыну көлемінің артуымен байланысты. Газды экспортқа тасымалдаудың өсуі газ көлемдерін экспортқа жіберудің, атап айтқанда Теңіз және Қарашығанақ кен орындарынан жіберудің артуымен байланысты.

### 3.7. Мұнайды өңдеу

Топтың өңдеуші бағыттары мыналарды қамтиды:

- Атырау мұнай өңдеу зауыты («ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесі 99,49%): өңдеудің жобалық қуаттылығы жылына 5,0 тоннаны құрайды, 2016 жылы өңдеу тереңдігі 65,2% құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 6 % жоғары;
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты («Петро Қазақстан Ойл Продактс», «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесі 49,73 %): жобалық қуаттылығы – жылына 6,0 млн. тонна, 2016 жылы өңдеу тереңдігі 75,4% құрады;
- Павлодар мұнай-химия зауыты («ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесі 100 %): Қазақстанның тезнологиялық тұрғыдан ең күрделірек мұнай өңдеу зауыты. Өңдеудің теңдестірілген қуаттылығы жылына 5,1 млн. тоннаны құрайды, өңдеу тереңдігі 2016 жылы 76,6% құрады. Кәсіпорын Батыс Сібір кен орындарының мұнайын өңдеуге икемделіп жобаланған;
- CaspiBitum- («ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ қатысу үлесі 50 %): ауыр қаражанбастық мұнайдан жол битумдарын өндіруші зауыт. Өңдеу бойынша жобалық қуаттылығы жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- KMG International N.V. (Rompetro Rafinare) екі МӨЗ кіреді, ол «Petromidia» мен «Vega», және Petrochemicals мұнай-химия кешені кіреді (МХК).
  - «Petromidia» МӨЗ- (Rompetro Rafinare S.A. 100 % қатысу үлесі) жобалық қуаттылығы – жылына 5,0 млн. тонна. МХК «Petromidia» МӨЗ-бен біріктірілген;
  - «Vega» МӨЗ - (Rompetro Rafinare S.A. 100 % қатысу үлесі) жобалық қуаттылығы – жылына 500 мың тонна. «Vega» МӨЗ Румыниядағы баламалы шикізат түрлерін (нафта, ауыр көмірсутекті фракциялар, мазут) өңдеу бойынша мамандандырылған жалғыз кәсіпорын болып табылады.

Көмірсутегі шикізатын өңдеудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2016	31.12.2015	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай үшін	аяқталған 12 ай үшін		
	<b>16 621</b>	<b>16 317</b>	<b>304</b>	<b>2</b>
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ)	4 761	4 868	-107	-2
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ)	4 590	4 810	-221	-5
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (50%) (ПКОП)	2 251	2 247	4	0
«CASPI BITUM» (50%)	312	188	124	66
KMG International N.V. («Petromidia» и «Vega»)	4 708	4 205	503	12

KMG International N.V. көмірсутегі шикізатын өңдеу көлемінің артуы 2015 жылы жүргізілген Күрделі жөндеуден кейін МӨЗ тиімділігін арттырумен байланысты. «CASPI BITUM» БК» ЖШС бойынша өсім өңдеуге беруші «Қаражанбасмұнай» АҚ жеткізуінің артуымен байланысты. «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС және «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС бойынша төмендеу мұнай өнімін берушілер тарапынан жеткізу көлемінің жеткіліксіз болуымен байланысты.

### 3.8. Мұнайды және газды өткізу

#### Мұнайды өткізу

2016 жылы мұнайды өткізуді келесі Cooperative KazMunaiGaz U.A., «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС және KMG International N.V. компаниялары жүзеге асырды.

Сооpеративе KazMunaiGaz U.A., «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	31.12.2016	31.12.2015	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай үшін	аяқталған 12 ай үшін		
Өндірілген мұнайды өткізу (мың тонна)	5 732	2 493	3 239	130%
Мұнай трейдингі (мың тонна)	99	1 220	(1 121)	-92%
KMG International N.V.	5 633	1 273	4 360	343%
<b>Мұнайды өткізу көлемі барлығы</b>	<b>7 145</b>	<b>6 583</b>	<b>562</b>	<b>9%</b>
	12 877	9 076	3 801	42%

2015 жылы Топ ҚР мен РФ арасындағы үкіметаралық келісімге сәйкес қарама-қарсы жеткізулерді жүзеге асырды және, нәтижесінде, осы операцияны жүзеге асыру үшін Топ ішкі нарықтан 1 273 мың тонна мұнайды қосымша сатып алды. 2016 жылы РФ-ға мұнайды жеткізу жүргізілген жоқ.

2016 жылдың сәуірінен бастап Топ мұнайды аванстау мәмілесі шеңберінде мұнайды өткізуді бастады. Мәміленің мәні болып табылатын мұнайдың көлемі Топтың "Теңізшевройл" ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы қатысу үлесіне сай келеді. Бұдан басқа KMG International N.V. бойынша мұнайды сату көлемдірінің артуы орын алды, бұл 2016 жылдан бастап КПО (ҚР үлесі), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС көлемдерін қосумен байланысты.

### Газды өткізу

Табиғи газды өткізуді негізінен «ҚазТрансГаз» АҚ жүзеге асырады. Бұл компанияның функцияларына ішкі нарық үшін табиғи газды көтерме бағамен сатып алу, газды өңірлік газ тарату желілері арқылы тасымалдау, газ тарату объектілері мен желілерін пайдалану және табиғи газды ішкі нарыққа өткізу. Газды Ресейге және Қырғызстанға экспортқа жеткізу қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың есебінен жүзеге асырылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ газын өткізу*	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Газды экспортқа сату (млн. куб. м.)	4 323	2 588	+1 735	167%
Газды ішкі нарыққа сату (млн. куб. м.)	11 763	11 469	+295	103%
<b>Газды сату көлемінің жиыны (млн. куб. м.)</b>	<b>16 086</b>	<b>14 057</b>	<b>+2 029</b>	<b>114%</b>

\* топшілік операцияларды шегерусіз

2016 жылы газды өткізу көлемі 2015 жылғы көрсеткіштен жоғары, негізінен бұл экспорттық газ көлемінің өсуі есебінен. Мәселен, Ресейге +1343 млн.м3 жоғары, Қырғызстанға - +35 млн.м3 жоғары, Өзбекстанға - +357 млн.м3 жоғары газ өткізілді.

## 4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

(млн. теңге)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен табыс	1 857 435	1 093 806	763 629	70%
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(1 561 746)	(1 090 380)	(471 366)	43%
<b>Жалпы пайда</b>	<b>295 689</b>	<b>3 426</b>	<b>292 264</b>	<b>8532 %</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(117 675)	(211 224)	93 549	-44%
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	(198 473)	(195 321)	(3 153)	2%
Гудвилден басқа НҚ мен МЕА құнсыздануы	(3 283)	(67 126)	63 843	-95%
НҚ мен МЕА шығуынан залал, нетто	(5 621)	(3 580)	(2 041)	57%
Гудвилдың құнсыздануы	0	(11 922)	11 922	-100%
Өзге табыс	19 430	21 692	(2 262)	-10%
Өзге шығыстар	(14 822)	(19 530)	4 708	-24%
<b>Операциялық пайда</b>	<b>(24 754)</b>	<b>(483 584)</b>	<b>458 830</b>	<b>-95%</b>
Кері бағамдық айырмашылық, нетто	(12 894)	469 509	(482 403)	-103%
Қаржылық табыс	167 892	172 979	(5 088)	-3%
Қаржылық шығыстар	(230 383)	(198 337)	(32 046)	16%
Бірлескен кәсіпорындарға құйылатын инвестициялардың құнсыздануы	(5 503)	(9 342)	3 839	-41%
Сатуға арналған деп сыныпталған активтердің құнсыздануы	(93)	(86)	(7)	8%
Берілген займдардың құнсыздануы	(1 346)	(10 970)	9 623	-88%
<b>Ұйымдардың табыстағы/(залалдағы) үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын үлесі</b>	<b>270 191</b>	<b>112 807</b>	<b>157 384</b>	<b>140%</b>
<b>Салық салудан түскен табыс/(Залал)</b>	<b>163 108</b>	<b>52 977</b>	<b>110 132</b>	<b>208%</b>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(163 791)	(231 528)	67 737	-29%
Тоқтатылатын қызметтен түскен табыс/(залал)	360 854	673 234	(312 380)	-46%
<b>Таза табыс/(залал)</b>	<b>360 171</b>	<b>494 683</b>	<b>(134 512)</b>	<b>-27%</b>

- (1) EBITDA осындай кезең үшін табыс салығын шегергенге дейінгі пайда, оған қоса көрсетілген кезең үшін ұзақмерзімді активтердің азаюы, тозуы, амортизациясы және құнсыздануы ретінде есептейді. EBITDA, сонымен қатар, сату үшін сыныпталған активтер үшін жасалған тиісті түзетулермен есептеледі.

## 4.1. Табыс

### Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен табыс

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс 1 857,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 094 млрд. теңгемен салыстырғанда 762,7 млрд. теңгеге немесе 70% өскендігін көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, шикі мұнайды сатудың 564 млрд. теңгеге немесе 464% процентке және тауар газын сатудың 80,7 млрд. теңге немесе 34% өсуі себебінен орын алды.

(млн. теңге)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	293 076	222 730	70 346	32
Шикі мұнайды сату	686 120	121 652	564 468	464
Тауар газын сату	321 722	240 989	80 733	34
Мұнайды тасымалдау	158 319	167 527	-9 208	-5
Газды тасымалдау	156 116	125 428	30 688	24
Мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу	99 137	78 160	20 977	27
Мұнайсервистік қызметтер	71 526	67 622	3 904	6
Өзге	71 419	69 698	1 721	2
<b>Жиыны</b>	<b>1 857 435</b>	<b>1 093 806</b>	<b>763 629</b>	<b>70</b>

Өнімді сату және қызметтерді көрсету көлемдері	Өлшем бірлігі	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату *	мың тонна	3 409	3 114	295	9%
Шикі мұнайды сату	мың тонна	5 732	2 493	3 239	130%
Тауар газын сату	млн. куб. м	16 031	13 978	2 053	15%
Мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдау	мың тонна*км	38 621	42 189	(3 568)	-8%
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	мың тонна	3 591	4 098	(507)	-12%
Газды тасымалдау	млн.м <sup>3</sup> *км	67 497	73 055	(5 558)	-8%
Мұнайды өңдеу	мың тонна	6 026	6 887	(861)	-13%

\* 2016 жылдың көрсеткіштері ҚМГ ӨМ пен ҚМГ БӨ шоғырландырылған көлемдерін қамтиды

Қалыптасқан орташа есептік бағалар	Өлшем бірлігі	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	тоннаға теңге	85 963	71 517	14 446	20%
Шикі мұнайды сату	тоннаға теңге	119 700	48 796	70 904	145%
Тауар газын сату	мың куб.м теңге	17 241	20 069	(2 828)	-14%
Мұнайды магистралдық құбырмен тасымалдау	тоннаға теңге	3 845	3 725	120	3%
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	тоннаға теңге	2 730	2 527	203	8%
Газды тасымалдау	мың куб.м теңге	2 313	1 717	596	35%
Мұнайды өңдеу*	тоннаға теңге	11 349	16 452	(5 103)	-31%

\*Процессингтің (өңдеудің) орташа ставкасы

Компания шикі мұнайды сатудан өзінің ақшалай түсімін негізінен KMG Finance, Компания және SA-VIT B.V. компаниясымен ТШО мұнайын алдын ала сату туралы мәміле жасасу (төменде анықталғандай) нәтижесінде ұлғайтты, ол мәміле 2016 жылдың мамыр айынан бастап 48 айлық кезеңнің ішінде Компанияның 3 млрд. АҚШ долларына дейінгі сомаға шикі мұнайды және сұйытылған мұнай газын (СМГ) алдын ала сатуын көздейді. Мұнайды алдын ала сату туралы мәмілеге сәйкес мұнайды жеткізу 2016 жылғы сәуірден басталды. Бұған қоса, табыстың ұлғаюы 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы әлемдік мұнай бағасының жоғарырақ болуымен және теңгенің АҚШ долларына қатысты девальвациясымен байланысты орын алды.

Мұнай өнімдерін сатудан түскен табыс «ҚазМұнайГаз өңдеу және маркетинг» АҚ есебінен қалыптасты. Сонымен қатар, 2016 жылғы сәуір айынан бастап «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ кейіннен өткізумен мұнай өнімдері процессингін өз бетінше жүзеге асырады.

Тауар газын сатудан түскен табыс «ҚазТрансГаз» АҚ мен «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС газды өткізуінен түскен табысы есебінен қалыптастырылған. 34% өсуі 2016 жылы газды экспортқа және ҚР ішкі нарығына өткізу көлемдерінің ұлғаюы және АҚШ доллары бағамының көтерілуі есебінен орын алды.

Мұнайды тасымалдаудан түскен табыс «ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды құбырмен тасымалдауынан, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК мұнайды теңізбен тасымалдауынан түскен табыс есебінен қалыптастырылған. 2016 жылы төмендеуі мұнай өндіруші компаниялардың экспорттық бағыттарға мұнайды тапсырудың азаюымен байланысты. Газды тасымалдаудан түскен табыс «ҚазТрансГаз» АҚ-ның газды құбырмен тасымалдаудан түскен табысынан қалыптасқан. Есепті кезеңде табыстың 24% өсуі газ экспортына «Интергаз Орталық Азия» АҚ тарифтерінің өсуіне және АҚШ доллары бағамының көтерілуіне байланысты.

Мұнайды және нафтаны өңдеуден түскен табыс Атырау мұнай өңдеу зауытында мұнай өңдеу көлемінің артуымен және «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС мен «Павллар мұнай-химия зауыты» ЖШС-да ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті бекіткен тарифтің (АМӨЗ – тоннасына 11807,6 теңгеден 20501 теңгеге дейін; ПМХЗ – тоннаға 8641,64 теңгеден 14865,2 теңгеге дейін) өсуімен байланысты.

Мұнайсервистік қызметтерді көрсетуден түскен табыс Ақтаумұнайсервис Компаниялар тобының көрсеткен қызметінен түскен табысты қамтиды. Табыстың ұлғаюы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жүк және жолаушылар тасымалдаулары қызметінің көбеюімен байланысты.

Өзге табыс ұңғымаларды бұрғылаудан, тас пен суды тасымалдаудан, операторлық және экспедиторлық қызметтен, құбырларға қызмет көрсетуден, жүк тасымалдауларынан, авиатасымалдаулардан, жолаушылар тасымалдауларынан, мұнай-газ саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарынан, телекоммуникациялық қызметтерден түскен табысты қамтиды.

## **4.2. Шығыс**

Топтың 2016 жылғы шоғырландырылған шығыстарының негізгі үлесі (50%) өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнына келеді.



## **Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны**

Шоғырландырылған өзіндік құны 2015 жылмен салыстырғанда есепті кезеңде 43% өсті. Өсу негізінен ТШО 3 825 мың тонна мұнай сатуға алдын ала мәміле аясында шикі мұнай сатумен байланысты. Өзбекстан, Қырғызстан және «КазРосГаз» ЖШС-ға өткізу үшін 1 772 млн. текше метр газ сатып алу көлемінің өсуіне және газ сатып алудың орташа бағасының өзгеруіне (14 180-нен 14 418 тг/млн. текше метрге дейін) байланысты газ сатып алу шығыстарының өсуі де байқалды.

Сонымен қатар, 2016 жыл Компания қызметкерлерінің базалық айлықақыларын индекстеумен байланысты жалақы бойынша шығыстар, негізгі құралдар мен материалдық активтердің тозуы, таусылуы, амортизациясы, оларды жөндеу және қызмет көрсету бойынша шығыстар, электр энергиясы, көлік шығыстары көбейді, бұл «Өзен» және «Қарамаңдыбас» кен орындары үшін төмендетілген салық ставкасын қолдану нәтижесінде пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС) шығыстарының төмендеуімен, сондай-ақ Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының төмендеуімен ішінара байланысты.

## **Жалпы және әкімшілік шығыстары**

Шоғырландырылған жалпы және әкімшілік шығыстар есепті кезеңде 117 675 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылғы осыған ұқсас кезеңдегі деңгейден 93 5 млрд. теңгеге немесе 44% аз.

Негізгі төмендеу сомасы (55 млрд. теңге) «ҚҚС өтеуше құнсыздануы» бабы бойынша орын алды, бұл 2012 жылы «Өзенмұнайгаз» және «Эмбамұнайгаз» АҚ кейбір активтерін сатуға қатысты ҚҚС өтеуге берген өтініш бергенін ішінара қанағаттандырумен байланысты.

Сонымен қатар, төмендеу «Салықтар, айыппұлдар және өсімақы бойынша резервтер» бабы бойынша орын алды (38,8 млрд. теңге), бұл 2006-2008 жылдар аралығындағы салық кезеңіне қатысты сот дауы сәтті аяқталғаннан кейін және 2009-2012 жылдар үшін салық аудитінің аяқталу нәтижесі бойынша Мемлекеттік ікірстер комитетінің шешімінің негізінде ҚМГ БӨ салықтық айыппұлдары бойынша резервке түзетпе жасаумен байланысты.

## **Өткізу шығыстары**

Тасымалдау және өткізу бойынша шоғырландырылған шығыстар есепті кезеңде негізінен KZT/USD бағамының өзгеруі және 229 мың тонна мұнайды экспортқа өткізу көлемінің өсуі нәтижесінде көлік шығыстарының өсуі есебінен 2% өсті. Салық заңнамасында ренталық салықты есептеу әдістемесіне өзгерістердің енгізілуі салдарынан Компанияның 2012-2015 жылдар аралығындағы салықтық декларацияларды қайта қарау туралы шешім қабылдауымен байланысты бұл өсім шикі мұнай экспортының ренталық салығының азаюымен ішінара түзетілді. Сонымен қатар, ренталық салық бойынша шығыстар Brent орташа котировкаларының төмендеуінен азайды, бұл салық ставкасының 2016 жылғы 1-тоқсанда 0% дейін төмендеуіне ықпалын тигізді, алайда теңге мен АҚШ долларының орташа аырбастау бағамының көтерілуімен және экспорт көлемінің ұлғаюымен жойылды.

## **Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлесі**

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдастырылған ұйымдардан табыс үлесі 157,4 млрд. теңгеге немесе 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 112,9 млрд. теңгеден 270,2 млрд. теңгеге дейін, яғни 139,3% жоғарылаған. Өсу, ең бастысы, 2015 жылы теңгенің құнсыздануынан «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Қазақ-Қытай құбыржолы» ЖШС бойынша орын алған залалмен, КТК бойынша табыстың 2015 жылғы 0,4 млрд. теңгеден 2016 жылы 74,9 млрд. теңгеге дейін өсуімен байланысты. Бұл өсу ішінара «Теңізшевройл» БК ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «КазРосГаз» ЖШС табысының төмендеуімен жойылды.

## Тоқтатылатын қызметтен табыс / (залал) (KMG International N.V.)

Компанияның табыс сылығын төлегеннен кейін тоқтатылған қызметтен түскен пайдасы 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталатын жыл үшін 673,2 млрд. теңгемен салыстырғанда 2016 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталатын жыл үшін 360,9 млрд. теңгені құрады, бұл оның 312,3 млрд. теңгеге немесе 46,4% қысқарғанын көрсетеді. Мұндай қысқару негізінен KMG Kashagan B.V. түскен пайданы 2015 жылы тоқтатылған қызмет ретінде танумен байланысты, 2016 жылы бұлай болған жоқ. Бұл қысқару KMG International пайдасының 2015 жылғы 261,6 млрд. теңгеден 2016 жылы 368,2 млрд. теңгеге дейін өсуімен ішінара өтелді, бұл 106,6 млрд. теңгеге немесе 40,7% өскенін көрсетеді. Мұндай өсім негізінен Петромида және Вега МӨЗ жаңарту жобаларымен, сондай-ақ өнеркәсіп процестерін оңтайландыру және операциялық шығыстарды қысқарту шараларымен байланысты.

### Бір жыл ішіндегі таза пайда

Компанияның жоғарыда келтірілген таза пайдасы 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталатын жыл үшін 494,7 млрд. теңгемен салыстырғанда 2016 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталатын жыл үшін 360,2 млрд. теңгені құрады, бұл 134,5 млрд. теңгеге немесе 27,2% қысқарғанын көрсетеді.

## 5. ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР

### 5.1. Өтімділік

(млн. теңге)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	1 276 181	146 447	1 129 734	771%
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат	(863 611)	1 222 935	(2 086 546)	-171%
Қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	(312 020)	(1 630 541)	1 318 521	-81%
Айырбастау бағамдары өзгеруінің ақшалай қаражат пен олардың баламаларына әсері	(3 532)	243 150	(246 682)	-101%
Ақшалай қаражаттағы және олардың баламаларындағы таза өзгеріс	97 018	(18 010)	115 028	-639%
Кезең басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары	808 434	826 444	(18 010)	-2%
<b>Кезең соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары</b>	<b>905 453</b>	<b>808 434</b>	<b>97 018</b>	<b>12%</b>

Ағымдағы өтімділік коэффициенті<sup>1</sup>

<sup>(1)</sup> Ағымдағы өтімділік коэффициенті сату үшін сыныпталған активтерді есепке ала отырып, ағымдағы активтердің қысқамерзімді міндеттемелерге қатысын білдіреді

### Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат

2016 жылы Топ шикі мұнай мен сұйылтылған газ жеткізу шартын жасасты. Шарт талаптарына сәйкес Топ шарт жасалған сәттен бастап 2020 жылғы наурызға дейінгі кезеңде «Теңізшевройл» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қаражанбасмұнай» АҚ өндірген, сәйкесінше шамамен 30 млн. тонна және 1 млн. тоннаға жететін мұнай мен сұйылтылған газ көлемін жеткізеді. Шарт талаптарына сәйкес мұнай жеткізу 2016 жылдың сәуір айынан басталды. Шарт аясында Топ мәміле бойынша шығындарды шегергенде 2 966 млн. АҚШ долларары сомасында алдын ала төлем алды, бұл сома 2017 жылдың сәуір айынан бастап «Теңізшевройл» ЖШС өндірген шикі мұнай жеткізу арқылы өтелетін болады.

### Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат

2015 жылы Топ ҚМГ Кашаган Б.В. 50% акцияларын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ға өткізді. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Топқа ҚМГ Кашаган Б.В. акцияларын сенімгерлік басқаруға берді. Топтың меншік құқығынан, ҚМГ Кашаган Б.В. Акциялары бойынша экономикалық түсімдері мен тәуекелдерінен айрылғанына қарамастан, Топта ҚМГ ҚашағанБ.В. күнделікті операциялары мен әкімшілік басқару құқықтары мен міндеттері қалды. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Топқа 2018 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кез келген күнге ҚМГ ҚашағанБ.В. акцияларының

бүкіл немесе ішінара пакетінің опцион колл (сатып алу құқығын) берді. Сатудан түскен түсім 2015 жылы 1 372 498 млн. теңгені құрады.

2016 жылы инвестициялық қызметтен түскен ақшалай ағынның кері мәні ақшалай қаражатты депозитке аударумен, негізгі құралдарды және өзге ұзақмерзімді активтерді сатып алумен, бірлескен кәсіпорындарға салымдармен, сондай-ақ байланысты тараптарға займдар берумен байланысты. Бұл операциялар бірлескен және қауымдастырылған компаниялардан алған дивидендтермен, сондай-ақ байланысты тараптардан займдарды қайтарумен ішінара жойылды.

### Қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат

2015 жылдың соңында жалпы сомасы 3,68 млрд. АҚШ долларына облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды.

Қаржылық қызметтен ақша ағынының кері мәні займдар бойынша төлемдерге 213 715 млн. теңге соманы артық төлеумен, сондай-ақ акционерлерге 90 853 млн. теңге дивиденд төлеумен байланысты.

### 5.2. Күрделі шығындар

Топтың күрделі шығындарына инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға және өзге де шығындарға (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) қаражат салу кіреді. Есепті кезеңде күрделі шығындар 554 млрд. теңгені құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 72 млрд. теңгеге кем.

2016 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталатын жыл үшін Топтың (компаниялар тобының) аса маңызды инвестициялық жобаларының қатарына:

1. Мұнайды тереңінен өңдеу кешенінің және Атырау МӨЗ хош иісті көмірсутектер шығару кешенінің құрылысы;
2. Павлодар МХЗ жаңарту;
3. Магистралдық газ құбырларының өткізу қабілетін арттыру, Ақтөбе облысындағы елді мекендерге газ тарту, Маңғыстау облысындағы елді мекендерде газ тарату желілерін жаңарту және қалпына келтіру, сондай-ақ Бұқар-Орал газ құбырының құрылысы жобалары;
4. «Теңізшевройл» ЖШС бұрғылау бағдарламасын іске асыру бойынша KMG Drilling&Services жобасы;
5. «Жамбыл», «Сатпаев» жобалары кіреді.

Қызметтің негізгі бағыттары бөліністеріндегі күрделі салымдар:

(млрд. теңге)	31.12.2016 аяқталған 12 ай үшін	31.12.2015 аяқталған 12 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай және газ барлау және өндіру	147 285	251 771	(104 486)	-42%
Мұнай тасымалдау	42 612	80 076	(37 463)	-47%
Газ тасымалдау	88 851	96 683	(7 832)	-8%
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу	233 253	167 298	65 955	39%
Өзгелер	42 141	30 621	11 520	38%
<b>Күрделі салымдар жиыны</b>	<b>554 142</b>	<b>626 450</b>	<b>(72 308)</b>	<b>-12%</b>

2015 жылмен салыстырғанда есепті кезеңде күрделі шығындардың үнемделуі байқалуда, бұл негізінен үлесті сату нәтижесінде "Қашаған" жобасы бойынша шығындардың жойылуымен, КТО Батыс және Шығыс филиалдарындағы жұмыстар көлемінің азаюымен, сондай-ақ «Сатпаев» жобасының нақты орындалмауымен байланысты. Сонымен қатар, Атырау және Павлодар зауыттарында жаңарту жобалары бойынша өсім байқалады.

## ГЛОССАРИЙ

BTL – Batumi Terminal Limited

ЕВITDA – салықтарды, амортизация шығыстарын және несиелер бойынша проценттерді төлегенге дейінгі пайданың көлемін көрсететін талдау көрсеткіші  
KMG Int.–KMG International N.V., біріктірілген румындық мұнай-газ компаниясы  
АМС (АНС)- Ақтаумұнайсервис («Oil Service Company» АМС) ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай», «Мұнайтелеком» ЖШС тобы)  
АГҚ (АГП) – Азия газ құбыры (Орта Азия газын Қытайға тасымалдауға арналған магистралдық газ құбыры)  
АМС – автомобильге май құю станциясы  
АМӨЗ – Атырау мұнай өңдеу зауыты  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, ҚазМұнайГаз, ҚМГ, Компания – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
БГА-ТБА – Бұқар газды ауданы- Ташкент-Бішкек-Алматы  
ББШ – Бейнеу – Бозой – Шымкент магистралдық құбыры  
ЕТҰ – еншілес тәуелді ұйым  
ШГА/ЕБЗ – Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты  
ИТД – инновациялық-технологиялық даму  
КПО- ҚарашығанақПетробиумОперейтинг Б. В.  
КТЖ – Теңіз кен орнындағы кешенді технологиялық желі  
ҚМГ ӨМ – «ҚМГ – өңдеу және маркетинг» АҚ  
ХӨК – хош иісті көмірсутектер өндіру кешені  
ҚНК – қызметтің негізгі көрсеткіштері  
ҚТГ – «ҚазТрансГаз» АҚ  
КҚК – Каспий құбыры консорциумы (Теңіз кен орнынан Қара теңіздегі Новороссийск портына дейін мұнай тасымалдауға арналған магистралдық мұнай құбыры)  
ҚТО – «ҚазТрансОйл» АҚ  
КО ҚМГ – корпоративтік орталық, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппараты  
МГ – магистралдық газ құбыры  
ҚР ЭМ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі  
ҮПС – үстеме пайда салығы  
МӨЗ – мұнай өңдеу зауыты  
СҚБЖ/БКЖ – саға қысымын басқару жобасы/Теңіз кен орнын болашақта кеңейту жобасы  
ІК – іске қосу кешені  
ПКОП – «ПетроҚазақстан Ойл продактс» АҚ, Шымкент мұнай өңдеу зауытының иесі  
ПМХЗ – Павлодар мұнай-химия зауыты  
ҚКЖ – Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы  
ЖСҚ – жобалық-сметалық құжаттама  
ҚМГ БӨ - « ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
ББҰ – бірлесіп бақыланатын ұйым  
СКЖ – Солтүстік Каспий жобасы  
СКЭДБ –Солтүстік Каспий мұнайдың төгілуіне ден қою базасы  
ҚМЖ – құрылыс-монтаждау жұмыстары  
БК – бірлескен кәсіпорын  
ӨКБҚ – қалқымалы өзі көтергіш бұрғылау қондырғысы  
ӨБК – өнімді бөлу туралы келісім  
ТШО –«Теңізшевройл» ЖШС  
КС – көмірсутектер  
КСШ – көмірсутекті шикізат  
ОБӨК – ҚР Энергетика министрлігінің Орталық барлау және өндіру жөніндегі комиссиясы  
ЭКБ –Экспорттық кедендік баж салығы